

Бесқарағай жалпы білім беру мектебі
202-2024 оқу жылы
Lesson Study зерттеу сабағын рефлексивті есеп
2 сыныптың математика пәнінде өткен іс – әрекетті зерттеу сабағы
кезіндегі үш кезеңнен тұрған В оқушыны талдау

04.12.2023 жылы бастауыш сынып мұғалімі Рахимжанова Жанаргуль Болаткожаевна 2 сыныпта «Шамалардың мәндерін қосу және азайту» зерттеу сабағына қатыстым. В оқушысы (А.А.) зерттелді.

Сабақты зерттеу мақсатым: В оқушының сабаққа деген ынтасын, алгоритмдік ойлау деңгейін, сөйлеу дағдыларын, топтық жұмыстағы іс – әрекеті, өз –өзіне сенімді, тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын анықтау болды.

Сабаққа қызығушылығы және белсенділігі зерттеу сабағының бірінші сабағындағы В деңгейдегі оқушының іс- әрекетін бақылап отырдым. Оқушы тапсырма орындауда асықпайды. Тақырып бойынша түсінгенін жазғанымен, тақырыпты аша алмады. Бірақта сабақты түсінгенін орындаған тапсырмаларынан көруге болады. Бірінші сабақтан байқағаным: В оқушының сабаққа деген қызығушылығы және ынтасы орташа. Сабақта үлгерімі жақсы, бірақ жауапкершілігі төмен, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Шамалардың мәндерін қосу, азайту амалдарын қателесіп орындайды. Оқушыға жеке қолдау көрсету қажет.

12.12.2023 жылы «Сандар жиынын құру және жіктеу.» Екінші сабақ кезең бойынша В оқушыдан төмендегідей іс-әрекетін байқадым: Үй тапсырмасын орындамаған. Алдыңғы сабақта сұрақтарға толық жауап бере алмаған. Тақырып бойынша берілген сұрақтарға дұрыс мағынада жауап берді. Топтық жұмысты қорғауға қатыспады. Сыныптастарының пікірін толықтыра білмеді. Өз ойымен бөліседі.

19.12.2023 жылы «Ақиқат және жалған пікірлер» тақырып бойынша үшінші сабақ өткізілді. Үшінші сабақ кезінде түсіндіру, сұрақ-жауап (кері байланыс), ауызша, жазбаша жұмыстар , белсенді әрекетті дамыту үшін, түсіндіру (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану), бақылау (оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау) әдіс-тәсілдерін қолданды. Бұл сабақта В оқушы жауапкершілікті сезініп, белсенді қатысып, өз ойын айтатын болды. Белсенділік пайда болып, ойын қысылмай еркін айтуға үйренді. Оқушы алған білімін саралай білді.

Бақылаушы: Бастауыш сынып мұғалімі Жумашева Д.А.